

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## Киіз үй. Сымтемірден киіз үй құрастыру

ЖАРИЯЛАНДЫ  
18.02.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/51673/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Мақсаты:** Оқушыларға сымтемірден киіз үй құрастыруды үйрету;

Ой-өрісін, қол икемін дамыту;

Салт-дәстүрді сақтауға тәрбиелеу;

**Сабақтың типі:** аралас сабақ

**Әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, көрнекілік

**Көрнекілігі:** киіз үй макеті.

**Қажетті материалдар мен құралдар:** сызғыш, қарындаш, тістеуік, жуандығы 2-3 мм болатын сымтемірлер.

**Барысы: I. Ұйымдастыру кезеңі.** Сабаққа дайындық.

**II. Мақсат қою кезеңі.** Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру.

**III. Жаңа материалды түсіндіру кезеңі.** а) мұғалімнің түсіндірмесі.

Киіз үйдің шаңырағын жасау үшін жуандығы 2-3 мм, ұзындығы 50 мм сымтемірді шеңбер пішініне келтіріп, майыстырамыз. Суретте көрсетілген өлшемдер бойынша шаңырақтың күлдіреуіштерін жасаймыз. Ол үшін қалыңдығы 2 мм болатын алты сымтемірді шеңберге дөңестеу етіп бекітеміз. Күлдіреуіштердің бір-бірінен арақашықтығы 5 мм болуы тиіс. Киіз үйдің керегесін жасау үшін сымтемірден диаметрі 100 мм болатын екі шеңбер құрастырамыз. Дайын болған кереге бөліктерін бір-біріне биіктігі 40 мм сымтемірмен бекітіп, құрастырамыз. Одан кейін киіз үй есігінің орнын белгілейміз. Ол үшін екі сымтемірді бір-бірінен 20 мм арақашықтықта бекітеміз. Одан кейін керегелерді байлаймыз. Олардың бір-бірінен арақашықтығы 5-7 мм шамасында болуы керек. Керегелердің табанымен арасындағы бұрыш 45 градусқа тең. Енді киіз

үйдің уықтарын бекітеміз. Шаңырақ пен керегенің аралығы 40 мм болуы керек. Сергіту сәті

#### **IV. Жаңа материалды меңгергенін тексеру кезеңі.**

1. Оқулықпен жұмыс. Іштей, тізбектей оқыту.
2. Сұрақ-жауап
3. Практикалық жұмыс. Қауіпсіздік ережесін сақтау.

**V. Бекіту кезеңі.** Қорытындылау. Киіз үй қандай бөліктерден тұрады? Киіз үйді тағы қандай материалдан құрастыруға болады?

**VI. Бағалау.** Оқушылардың еңбегін салыстыра отырып, бағалау.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.